

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ**  
**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ**

**БЕКІТІЛДІ**  
Философия және саясаттану факультетінің  
Ғылыми Кеңесінің отырысында  
Факультет деканы  
\_\_\_\_\_ Б.Б.Мейірбаев  
Хаттама №1 03.09. 2021 ж.

**«ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ» ПӘНІНЕН**  
**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН**  
**БАҒДАРЛАМАСЫ**

**КРЕДИТ САНЫ - 5**  
**КУРС -1**

Құрастырған: п.ғ.к., доцент Текесбаева А.М.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасы мамандықтардың жұмыс оқу жоспары негізінде педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті п.ғ.к., А.М.Текесбаева құрастырды.

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының отырысында қарастырылып, ұсынылды.

«01» «09» 2021 ж. Хаттама №1

Педагогика және білім беру менеджменті  
кафедрасының меңгерушісі

Н.С.Әлқожаева

Факультеттің әдістемелік кеңесімен ұсынылды  
«02» 09. 2021 ж., хаттама № 1

Төрайымы

А.М.Құдайбергенова

**«ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ» ПӘНІНЕН  
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН  
БАҒДАРЛАМАСЫ**

## 2020-2021 оқу жылына 1 курс магистранттарға арналған

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – *жазбаша (offline)*. Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында offline режимінде өтеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

### **Оқыту нәтижелері:**

Курсты оқу нәтижесі бойынша студент қабілетті болады:

- педагогика пәнінен алған білімдерін, біліктілігін кәсіби даму бағыттарында анықтай алуы;
- оқыту үдерісінің сапасын педагогикалық бақылауды жоспарлау, салыстыру, түсіндіру;
- дидактика, оқыту үдерісі, оқытудың заңдылықтары мен ұстанымдарын, оқытудың әдістерін, оқытудың формаларын, педагогикалық технологияларды есте сақтау, жіктей алу, сипаттау, түсініктерін көрсете білу; кесте құру, сұлба сызу, шағын эссе жазуға;
- қазіргі кезеңдегі оқытудың әдістері мен құралдарымен жұмыс істеуге, шешуге, қолдануға қабілетті болады.

### **Емтиханды өткізу формасы:**

#### **СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША (*offline*).**

Емтиханның ұзақтығы *2 сағатты* құрайды.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

*Бірінші блокқа* оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

*Екінші блокқа* ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

*Үшінші блокқа* ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

### **Емтихан тапсыруға дайындалуға арналған тақырыптар:**

#### **Емтихан сұрақтарына берілетін тақырыптар тізімі:**

1. Педагогика ғылымы және оның адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орны.
2. Жоғары білім берудің парадигмасы
3. Қазіргі әлемдегі жоғары білім беру жүйесі
4. Жоғары мектеп педагогикасының әдіснамасы

5. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби және коммуникативтік құзыреттілігі
6. Жоғары мектептегі оқыту теориясы.
7. Оқытудың жалпы заңдылықтары мен ұстанымдары.
8. Жоғары кәсіби білім берудің мазмұны.
9. Кредиттік жүйе негізінде жоғары мектепте оқыту үдерісін ұйымдастыру.
10. Оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі және инновациялық әдістері мен түрлері.
11. Жоғары мектептегі жаңа білім беру технологиялары.
12. Жоғары мектеп маман тұлғасын тәрбиелеу мен қалыптастырудағы әлеуметтік институты ретінде. Жоғары мектептегі куратор.
13. Жоғары мектептің ғылыми іс-әрекет теориясы.
14. Педагогикалық қарым-қатынас.
15. ЖОО басқару

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. - Астана, 2011.
2. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning Theories: An Educational Perspective [Мәтін] : оқулық / Д. Шунк ; [ауд. Б. М. Мизамхан ; жауапты ред. А. Б. Айтбаева], Астана. «Ұлттық аударма бюросы» ҚҚ, 2019. - 607 б.
3. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340 бет.
4. Загвязинский В.И. Исследовательская деятельность педагога: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2010. – 176 с.
5. Философия и методология науки: Для аспирантов и магистрантов / Под ред. К.Х. Рахматуллина и др. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 403 с.
6. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2016. - 432 бет.
7. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. Оқулық. – Алматы: ОНОН, 2017. - 340 бет.
8. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы. Учебное пособие. 3-изд. Алматы: 2013.
9. Қазақстан Республикасының Білім беру тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан 26.12.09
10. Мыңбаева А.К., Айтбаева А.Б., Құдайбергенова Ә.М. Жоғары мектеп педагогикасы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
11. Касымова Р.С., Шағырбаева М.Д. Педагогика курсы бойынша тапсырмалар жинағы. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы: ҚУ., 2016.
12. Баширова Ж.Р., Әлқожаева Н.С., Тойбаев Ә.Ж., Толешова У.Б., Жумабекова Қ.Б. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015, -190 б.

#### **Емтиханға дайындығын бағалау, оқыту нәтижесі: Баға қою өлшемдері.**

<b>Балл</b>	<b>Жауап мазмұны</b>
95-100 (А) 90-94 (А-) <b>Өте жақсы</b>	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап теориялық тұрғыдан нақты, толық жазылған. 2. Жауаптың мазмұны өзін-өзі тану туралы дұрыс мәлімет береді, практикалық ерекшеліктері сипатталған және толық шешілген. 3.1-2 блок жауаптары теориялық материалдарды жақсы игергендігін білдіреді. 4. Шығармашылық жұмыста қабілеттілігі көрінеді.
85-89 (В+) 80-84 (В) 75-79 (В-) 70-74 (С+) <b>Жақсы</b>	1. Емтихан сұрақтарына берілген жауап тақырыптың мазмұнына қойылатын талаптарға сай келеді. 2. Мазмұнында ашылмай қалған аспектілер бар. 3. Практикалық ерекшеліктері толық сипатталмаған. 4.1-2 блок жауаптары теориялық материалды 80% игергендігін білдіреді.

<p>65-69 (C) 60-64 (C-) 55-59 (D+) 50-54 (D) <b>(Қанағаттанарлық)</b></p>	<p>1. Жұмыс орындалған, бірақ мазмұны толық ашылмаған. 2. Практикалық ерекшеліктері сипатталмаған. 3. Жауаптары қысқа, қосымша жүйелілікті , ақпараттың қисындылығын талап етеді.</p>
<p>25-49 (FX) 0-24 (F) <b>(Қанағаттанарлықсыз )</b></p>	<p>1. Емтихан сұрақтары бағдарламаға сәйкес емес. Жұмыс мүлде орындалмаған, теориялық қателер кездеседі. 2. Практикалық жауап мүлде жоқ. 3. Жауапта грамматикалық, терминологиялық қателер бар, логикалық жүйелілік бұзылған.</p>